АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ
АҚЖАЙЫҚ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІ

АКИМ АКЖАЙЫКСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ГОРОДА АТЫРАУ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

19. 01. 2023 жыл № 7

Ақжайық ауылы

село Акжайык

«Ақжайық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту туралы» Ақжайық ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы №3 өкімімен бекітілген жылдық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабының 3-тармағына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 2, 7-тармақтарына және 39-бабының 3-тармағының 1,3,27 тармақшаларына сәйкес:

1. «Ақжайық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы қаңтар айына арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар осы өкімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Әкімшілік ғимаратты электроэнергиямен қамтамасыз ету мақсатында СТРУ 351110.100.000000 «Электр энергиясы өзі тұтыну үшін», құны 86130 теңге, өлшем бірлігі 1650 кВт/сағат, тікелей шарт жасасу арқылы табиғи монополия тізілімдерінде тіркелген әлеуетті қызмет жеткізушілер арасында жүргізілсін.

3. Мемлекеттік мүліктің тізілімінде дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету СТРУ 639910.000.000005 «Ақпараттық өңдеу бойынша қызметтер» құны 62100 теңге, 1 қызмет, мемлекеттік сатып алу тәсілі тікелей бір көзден келісім жасасу арқылы жүргізілсін.

4. Ақжайық ауылдық округі көшелерін жарықтандыру электроэнергиямен қамтамасыз ету мақсатында СТРУ 351110.100.000000 «Электр энергиясы өзі тұтыну үшін», құны 3054812,95 теңге, өлшем бірлігі 58521,32 кВт/сағат, тікелей бір көзден шарт жасасу арқылы табиғи монополия тізілімдерінде тіркелген әлеуетті қызмет жеткізушілер арасында жүргізілсін.

5. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жылу үшін СТРУ 353012.200.000001 «Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге суға (50000 тенге), жылуға(табиғи газ төлемдері үшін) бөлу бойынша қызмет көрсетулер», құны 75877,44 теңге, тікелей бір көзден шарт жасасу арқылы табиғи монополия тізілімдерінде тіркелген әлеуетті қызмет жеткізушілер арасында жүргізілсін.

6. «Парус-Каз.Бюджет» бағдарламалық өніміне техникалық қызмет көрсету (Бухгалтерлік есеп ХҚЕС. Жалақы. Бюджеттік өтінім. ЖӨБ-ны бюджеттік қаржыландыру) СТРУ 620230.000.000001 «Ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтер» құны 1203814,29 теңге, 1 қызмет, мемлекеттік сатып алу тәсілі тікелей бір көзден келісім жасасу арқылы жүргізілсін.

Осы өкімге сәйкес енгізілген толықтыруларды мемлекеттік сатып алудың веб порталына уақытылы енгізілуін қадағалауды өзіме қалдырамын.

Ауылдық округі әкімі **А. Ерманов**